

Қазақстан Республикасы Президентінің кеден мәселелері жөніндегі Жарлықтарының күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 14 желтоқсандағы N 2686

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ Заң күші бар Жарлығының шығуына байланысты ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының импортталатын тауарларға кеден тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1498 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 14-құжат) 1-4 тармақтары;

"Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1499 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 3, 20-құжат) 1-5 тармақтары;

"Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифін енгізу мерзімі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 ақпандағы N 1566 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 9, 88-құжат).

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті